ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1264786 сатып алу бойынша
Төмендету бойынша ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (66-1 У, 4563682) Геофизикалық зерттеу қызметтері

Тапсырыс беруші: «QazaqGaz барлау және өндіру» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Ұйымдастырушы: «QazaqGaz барлау және өндіру» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	66-1 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Геофизикалық зерттеу қызметтері, Геофизикалық зерттеулер кешені
Қосымша сипаттама	Тік ұңғымалардағы геофизикалық бақылау. "QazaqGaz барлау және өндіру" ЖШС келісімшарттық аумағындағы пайдалану ұңғымаларындағы газ ағынының профильдерін және қабаттардың қалдық газ қанықтылығын анықтау
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Жамбыл облысы, Контрактная территория ТОО “Разведка и добыча QazaqGaz”
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап 180 күнтізбелік күні
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

2.1. Көрсетілетін қызметтердің негізгі міндеті

«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС келісімшарттық аумағының Амангелді кен орындары тобындағы тік ұңғымаларындағы геофизикалық бақылау өнімді қабаттың ағын профилін анықтау, перфорацияланған интервалдың «жұмыс қабілеттілігін» және коллекторлардың ағымдағы газ қанықтылығын анықтау және бағалау мақсатында Амангелді кен орындары тобындағы геологиялық-геофизикалық өндірістік деректерін талдау арқылы 9 ұңғымасында геофизикалық зерттеу жұмыстары (бұдан әрі – ҰГЗ) жүргізіледі.

2.2. Қызметтер көлемі

2.2.1. Амангелді кен орындары тобындағы ұңғымаларына қажетті жабдықтарды, материалдар мен персоналды мобилизациялау (Қазақстан Республикасы Жамбыл облысының Мойынқұм және Талас аудандары);

2.2.2. Ұңғымалар орналасқан жерде жабдықты монтаждау/бөлшектеу;

2.2.3. Геофизикалық қызметтер кешені: 3 режимде ұңғының жұмыс жасауы (ұңғымаларды зерттеу режимдерінің саны ұңғымалардың дебиттеріне байланысты) және тоқтау кезіндегі ҰГЗ-бақылау, ұңғымалардағы перфорацияланған өнімді қабат-коллекторлардың ағымдағы және қалдық газ қанықтылығын зерттеу.

2.2.4. Ұңғымаларды геофизикалық зерттеу нәтижелері бойынша есепті тапсыру және ұсынымдар беру.

Ескертпе: қызметтердің көлемі бойынша қосымша мәліметтер техникалық сипаттамаға №1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Қызмет көрсету мерзімі

2.3.1. Қызмет көрсету әрбір ұңғыма бойынша жеке жазбаша өтінім берілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей басталуы тиіс (шартқа қол қойылған күннен бастап 180 күнтізбелік күн ішінде).

2.4. Орындаушыға қойылатын техникалық талаптар

2.4.1. Амангелді кен орындары тобындағы тік ұңғымаларындағы геофизикалық бақылау зерттеуге келісілген технологиялық регламенттерге және ұңғымада жұмыстар жүргізу жоспарына сәйкес орындалуы тиіс. Алынған ақпарат Тапсырыс берушінің геологиялық қызметіне жедел ұсынылуы тиіс.

2.4.2. Орындаушы Тапсырыс берушіге ҰГЗ бағдарламасын келісуге ұсынады. Бағдарлама ұңғымалардың ағымдағы жағдайын ескере отырып жасалуы, ҰГЗ жазудың нақты аралықтарын көздеуі және осы техникалық сипаттамада көрсетілген барлық міндеттерді шешуі тиіс.

2.4.3. Орындаушы қызмет көрсетуді бастамас бұрын ұңғыма оқпанын геофизикалық аспаптың тиісті диаметрі мен ұзындығының үлгісімен тексеруі тиіс.

2.4.4. Орындаушы ұңғымадағы қызметтерді ұңғыманы бастырусыз, сағасындағы артық қысыммен, жұмыс режимінде тоқтаусыз көрсетуі керек.

2.4.5. Коллекторлық өнімді-қабаттарды бөліп көрсету, ұңғымалардың газға қанықтылығын анықтау үшін Орындаушы ҰГЗ әдістерін кешенді кабельдегі құралмен Ø73 мм/Ø60, 3 мм құбырлар арқылы орындауы керек.

2.4.6. Амангелді кен орындары тобындағы тік ұңғымаларындағы геофизикалық бақылау бойынша талдамалы есептемесі мынадай міндеттерді шешуі тиіс:

• литологиялық модельді құру;

• өнімді интервалдарды/қабат-коллекторларды белгілеу;

• бөлінген өнімді интервалдардың/коллекторлардың қанығу сипатын анықтау;

• перфорацияланған интервалдың «өнімділігін» бөлектеу және бағалау;

• ұңғының жұмыс жасау мен тоқтау кезінде 3 режимде ағын профилін анықтау (Тапсырыс берушінің шешімі бойынша режимдердің санын көбейуі мүмкін);

• Пайдалану өнімді коллекторларының ағымдағы газ қанықтылық деңгейін анықтау;

• зерттелетін аралықта термобарикалық жағдайларды зерттеу;

• Игеруге тартылмаған пайдалану өнімді қабатының аймақтарын анықтау;

• аномальды аймақтар анықталған кезде аномалия аралығында толықтырылған зерттеулер орындалады.

2.4.7. Амангелді кен орындары тобындағы тік ұңғымаларындағы геофизикалық бақылау жөніндегі есепте:

• ұңғымалардың жұмысын оңтайландыру жөніндегі ұсыныммен коллекторлардың пайдаланылатын және үстіңгі қабаттарының ағымдағы өнімді сипаттамаларын зерттейтін аралықтардағы ұңғымалар бойынша жиынтық есеп;

• Excel файлына салынған jpg сурет форматындағы 1:200; 1:500 тереңдігі масштабындағы түсті планшеттер, қағаз және электрондық нұсқадағы әрбір ұңғыма бойынша қорытындылар;

• қағаз тасымалдағыштарда - диаграммалар мен қорытындылардың үш жиынтығы.

Электрондық түрде (USB флэш-дискісі) - құрамында бір данасы бар:

• ҰГЗ әдістерінің LAS файлдары. Las файлдарында қандай режимде өлшеу жүргізілгені туралы түсініктемелер болуы керек (түсу, көтерілу, тоқтаған ұңғымада, жұмыс істеп тұрған ұңғымада, айдау кезінде және т. б.);

• бастапқы деректер: LIS немесе DLIS форматтарындағы ФКД.

ҰГЗ материалдарын ұсыну мерзімдері:

• ҰГЗ аяқталғаннан 72 (жетпіс екі) сағаттан кейін жедел қорытынды беріледі;

• бұрын жүргізілген ҰГЗ-мен салыстырмалы талдау бере отырып, ҰГЗ аяқталғаннан кейін 10 (он) тәулік ішінде соңғы қорытынды беріледі.

2.4.8. Аспаптар, аппаратура және датчиктер калибрленіп, тексерілуі тиіс, лубрикатор қондырғылары престеуден өтуі тиіс.

2.4.9. Қызмет көрсету кезінде ұңғыма аспаптарының кабелінде Түсіру-көтеру процесінде ұңғыма сағасын герметизациялауға арналған сағалық жабдық (лубрикатор, превентор) рұқсат етілген қысыммен 35 МПа дейін болуы тиіс.

2.4.10. Қазақстан Республикасының аумағында осы жабдықтар мен техникалық құралдарды пайдалануға рұқсат.

2.5. Қызмет нәтижелерін тапсыру тәртібі:

2.5.1. Соңғы нұсқасы қағаз тасығышта 3 данада және электрондық тасығышта (USB-флэш-дискте) 2 данада .doc, .xls, .pdf, .cdr, .jpeg форматта барлық қосымшаларымен бірге ұсынылуы тиіс, оның нәтижелері бойынша Тапсырыс беруші мен қызметтерді Орындаушы арасында наразылықтың жоқтығын растайтын көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру актісі жасалады.

Қосымша ақпарат алу үшін «QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС Геология және игеру бөліміне хабарласыңыз, тел.: +7-7172-79-84-66, эл. пошта: amangeldy_gas@amangeldygas.kz

3. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р/с	Атауы
1	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы №125-VI Қазақстан Республикасының Кодексі (өзгерістермен және толықтырулармен).
2	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы №239 бұйрығымен бекітілген «Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидалар» (өзгерістермен және толықтырулармен).
3	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №355 бұйрығымен бекітілген «Өнеркәсіптің мұнай және газ салаларындағы қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары» (өзгерістермен және толықтырулармен).
4	«Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ (өзгерістермен және толықтырулармен).

Қосымша

Приложение_№1_к_ТС_-_Объем_услуг.docx

Қол қойған	Нурабаев Марал Базарбаевич
Қол қойылған күні	23.10.2026

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1264786
способом Открытый тендер на понижение

Лот № 1 (66-1 У, 4563682) Услуги геофизических исследований

Заказчик: Товарищество с ограниченной ответственностью "Разведка и добыча QazaqGaz"
Организатор: Товарищество с ограниченной ответственностью "Разведка и добыча QazaqGaz"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	66-1 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги геофизических исследований, Комплекс геофизических исследований
Дополнительная характеристика	Геофизический контроль в вертикальных скважинах. Определение профилей притока газа и остаточной газонасыщенности пластов в эксплуатационных скважинах на Контрактной территории ТОО "Разведка и добыча QazaqGaz"
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Жамбылская область, Контрактная территория ТОО “Разведка и добыча QazaqGaz”
Условия поставки	-
Срок поставки	С даты подписания договора в течение 180 календарных дней
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 100%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

2.1. Основная задача оказываемых услуг

Геофизический контроль в вертикальных скважинах на Амангельдинской группе месторождений Контрактной территории ТОО «Разведка и добыча QazaqGaz» проводятся с целью определения профиля притока, выделения и оценки «работоспособности» перфорированного интервала и текущей газонасыщенности коллекторов проведением комплекса геофизических исследований 9 скважин (далее – ГИС) и анализа геолого-геофизических и производственных данных на Амангельдинской группе.

2.2. Объем услуг

2.2.1. Мобилизация необходимого оборудования, материалов и персонала на скважины Амангельдинской группе месторождений (Мойынкумский и Таласский районы Жамбылской области Республики Казахстан);

2.2.2. Монтаж/демонтаж оборудования на месте расположения скважин;

2.2.3. Комплекс геофизических услуг: ГИС-контроль при динамике на 3-х режимах (количество режимов исследования скважин зависит от дебитов скважин) и статике, изучение текущей и остаточной газонасыщенности перфорированных пластов-коллекторов в скважинах.

2.2.4. Сдача отчёта по результатам геофизических исследований скважин и выдача рекомендаций.

Примечание: дополнительные сведения по объёму услуг указаны в Приложении №1 к Технической спецификации.

2.3. Срок оказания услуг

2.3.1. Оказание Услуг должно начаться не позднее 5 (пяти) рабочих дней с момента подачи письменной заявки Заказчиком по каждой скважине отдельно (в течение 180 календарных дней с даты подписания договора).

2.4. Технические требования к Исполнителю

2.4.1. Геофизический контроль в вертикальных скважинах на Амангельдинской группе месторождений должен выполняться в соответствии с согласованными технологическими регламентами на исследования и планом проведения работ на скважине. Полученная информация должна оперативно предоставляться в геологическую службу Заказчика.

2.4.2. Исполнитель должен представить Заказчику на согласование Программу проведения ГИС. Программа должна быть составлена с учётом текущего состояния скважин, предусматривать конкретные интервалы записи ГИС и решать все задачи, указанные в настоящей Технической спецификации.

2.4.3. Исполнитель перед началом Услуг должен проверить ствол скважины шаблоном соответствующего диаметра и длины геофизического прибора.

2.4.4. Исполнитель должен оказать Услуги в скважине без глушения в работающем режиме с избыточным давлением на устье.

2.4.5. Комплекс методов ГИС для выделения пластов-коллекторов, определения газонасыщенности скважин Исполнитель должен выполнить комплексным прибором на кабеле, через НКТ Ø73 мм/Ø60,3 мм.

2.4.6. Аналитический отчёт по геофизическому контролю в вертикальных скважинах должен решить следующие задачи:

• построение литологической модели;

• выделение продуктивных интервалов/пластов-коллекторов;

• определение характера насыщения выделенных продуктивных интервалов/коллекторов;

• выделение и оценка «работоспособности» перфорированного интервала;

• определение профиля притока на 3-х режимах при динамике и статике (По решению Заказчика может быть увеличено количество режимов);

• определение уровня текущей газонасыщенности коллекторов эксплуатационного горизонта;

• изучение термобарических условий в исследуемом интервале;

• определение зон эксплуатационного горизонта, не вовлечённых в разработку;

• при обнаружении аномальных участков выполняется детализация исследований в интервале аномалии.

2.4.7. Отчёт по геофизическому контролю в вертикальных скважинах должен содержать:

• сводный отчёт по скважинам в исследуемых интервалах и текущих продуктивных характеристиках эксплуатируемых и вышележащих пластов коллекторов с рекомендацией по оптимизации работы скважин;

• планшеты цветные в масштабах глубин 1:200; 1:500 в формате рисунка jpg, вложенные в файл Excel, заключения по каждой скважине в бумажном и электронном варианте;

• на бумажных носителях - три комплекта диаграмм и заключений.

В электронном виде (USB-флэш-накопитель) – один экземпляр, содержащий:

• LAS файлы методов ГИС. В las-файлах должны быть комментарии, в каком режиме был проведён замер (спуск, подъем, в остановленной скважине, в работающей скважине, при закачке и т.д.);

• первичные данные: ФКД в LIS или DLIS форматах.

Сроки предоставления материалов ГИС:

• оперативное заключение через 72 (семьдесят два) часа после завершения ГИС;

• окончательное заключение в течение 10 (десяти) суток после завершения ГИС с выдачей сравнительного анализа с ранее проведёнными ГИС.

2.4.8. Приборы, аппаратура и датчики должны быть откалиброваны и проверены, лубрикаторные установки должны пройти опрессовку.

2.4.9. При оказании услуг устьевое оборудование (лубрикатор, превентор) предназначенные для герметизации устья скважины в процессе спуска-подъёма на кабеле скважинных приборов должны быть с допустимым давлением до 35 МПа.

2.4.10. Разрешение на использования данных оборудований и технических средств на территории Республики Казахстан.

2.5. Порядок сдачи результатов Услуг:

2.5.1. Окончательная версия должна быть представлена на бумажном носителе (3 экземпляра) и 2 экземпляра на электронном носителе (USB-флэш-накопитель) в форматах .doc, .xls, .pdf, .cdr, .jpeg со всеми приложениями, по результатам которого составляется Акт приёма-передачи оказанных услуг, подтверждающий отсутствие претензий между Заказчиком и Исполнителем Услуг.

За дополнительной информацией обращаться в отдел геологии и разработки ТОО «Разведка и добыча QazaqGaz», тел.: +7-7172-79-84-66, эл. почта: a.tulekeshev@epqg.kz

3. Нормативно-технические документы

№ п/п	Наименование
1	Кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 2017 года №125-VI «О недрах и недропользовании» (с изменениями и дополнениями).
2	«Единые правила по рациональному и комплексному использованию недр», утвержденный приказом Министра энергетики Республики Казахстан от 15 июня 2018 года №239 (с изменениями и дополнениями).
3	Правила обеспечения промышленной безопасности для опасных производственных объектов нефтяной и газовой отраслей промышленности утвержденный приказом Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 30 декабря 2014 года №355 (с изменениями и дополнениями).
4	«Экологический кодекс Республики Казахстан» от 2 января 2021 года № 400-VI ЗРК (с изменениями и дополнениями).

Приложение

Приложение_№1_к_ТС_-_Объем_услуг.docx

Подписал	Нурабаев Марал Базарбаевич
Дата подписания	23.10.2026